

Приложение  
к решению общего собрания  
акционеров АО «КазТрансОйл»  
от 28 января 2019 года  
(протокол №1/2019)

Внесены  
решением общего собрания  
акционеров АО «КазТрансОйл»  
от 28 января 2019 года  
(протокол №1/2019)



### **Изменения и дополнения в Устав акционерного общества «КазТрансОйл»**

1. В пункте 2 статьи 3:
  - 1) подпункт 7) изложить в следующей редакции:  
«7) оказание услуг по передаче электрической энергии;»;
  - 2) дополнить подпунктом 21) следующего содержания:  
«21) оказание услуг по предоставлению проживания в общежитии нефтеперекачивающей станции «Большой Чаган» Общества для работников, выполняющих работы на НПС «Большой Чаган»».
2. В статье 5:
  - 1) подпункт 4) пункта 1 изложить в следующей редакции:  
«4) получать выписки от центрального депозитария или номинального держателя, подтверждающие его право собственности на ценные бумаги Общества;»;
  - 2) дополнить пунктом 1-1 следующего содержания:  
«1-1. Акционеры, владеющие самостоятельно или в совокупности с другими акционерами пятью и более процентами голосующих акций Общества, вправе получить информацию о размере вознаграждения по итогам года отдельного члена Совета директоров и (или) Правления Общества при одновременном наличии следующих условий:  
установление судом факта умышленного введения в заблуждение акционеров Общества данным членом Совета директоров и (или) Правления Общества с целью получения им (ими) либо его аффилированными лицами прибыли (дохода);  
если будет доказано, что недобросовестные действия и (или) бездействие данного члена Совета директоров и (или) Правления Общества повлекли возникновение убытков Общества.»;
  - 3) подпункт 2) пункта 4 изложить в следующей редакции:

«2) в течение десяти рабочих дней извещать центральный депозитарий и (или) номинального держателя акций, принадлежащих данному акционеру, об изменении сведений, необходимых для ведения системы реестров держателей акций Общества;»;

4) пункт 5 изложить в следующей редакции:

«5. Общество, центральный депозитарий и (или) номинальный держатель не несут ответственности за последствия неисполнения акционером требования, установленного подпунктом 2) пункта 4 настоящей статьи.».

3. В статье 6:

1) абзац второй пункта 5 изложить в следующей редакции:

«Оплата иным, помимо денег, имуществом (за исключением ценных бумаг) осуществляется по цене, определяемой оценщиком.»;

2) пункт 7 изложить в следующей редакции:

«7. Ведение системы реестров держателей акций Общества может осуществлять только центральный депозитарий.».

4. В статье 7:

1) абзац второй пункта 1 изложить в следующей редакции:

«Отчуждение акции с невыплаченными дивидендами осуществляется с правом на их получение новым собственником акции, если иное не предусмотрено Законом и (или) договором об отчуждении акций.»;

2) абзац второй пункта 2 изложить в следующей редакции:

«Выплата дивидендов по акциям Общества его ценными бумагами допускается только при условии, что такая выплата осуществляется объявленными акциями Общества и (или) выпущенными им облигациями при наличии письменного согласия акционера.»;

3) абзац второй пункта 6 изложить в следующей редакции:

«Общее собрание акционеров вправе принять решение о невыплате дивидендов по простым акциям Общества.»;

4) пункт 7 исключить;

5) пункт 8 дополнить подпунктом 6) следующего содержания:

«6) наименование платежного агента (при наличии платежного агента).»;

6) пункт 9 изложить в следующей редакции:

«9. Выплата дивидендов осуществляется в сроки, установленные Законом.».

5. В статье 9:

1) подпункт 2) пункта 7 изложить в следующей редакции:

«2) центральным депозитарием в соответствии с заключенным с Обществом договором;»;

2) абзац первый пункта 12 изложить в следующей редакции:

«12. Список акционеров, имеющих право принимать участие в Общем собрании акционеров и голосовать на нем, составляется центральным депозитарием на основании данных системы реестров держателей акций

Общества. Дата составления указанного списка не может быть установлена ранее даты принятия решения о проведении Общего собрания акционеров.»;

3) пункты 14 - 17 изложить в следующей редакции:

«14. Дата и время проведения Общего собрания акционеров должны быть установлены таким образом, чтобы в собрании могло принять участие наибольшее количество лиц, имеющих право в нем участвовать.

Общие собрания акционеров проводятся в населенном пункте по месту нахождения Правления Общества, за исключением Общего собрания акционеров, решения которого принимаются посредством заочного голосования.

Акционеры Общества вправе принимать участие в заседании Общего собрания акционеров, проводимого в очном порядке, дистанционно с использованием средств связи, определенных внутренними документами Общества.

15. Акционеры должны быть извещены о предстоящем проведении Общего собрания акционеров не позднее, чем за 30 (тридцать) календарных дней до даты проведения собрания.

16. Извещение о проведении Общего собрания акционеров публикуется на казахском и русском языках на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности, определенного в соответствии с Законодательством о бухгалтерском учете и финансовой отчетности (далее – депозитарий финансовой отчетности), а также на интернет-ресурсе Общества.

17. Извещение о проведении Общего собрания акционеров Общества, решения которого принимаются посредством очного или смешанного голосования, должно содержать:

- 1) полное наименование и место нахождения Правления Общества;
- 2) сведения об инициаторе созыва Общего собрания акционеров Общества;
- 3) дату, время и место проведения Общего собрания акционеров Общества, время начала регистрации участников собрания, а также дату и время проведения повторного Общего собрания акционеров Общества, которое должно быть проведено, если первое собрание не состоится;
- 4) дату составления списка акционеров, имеющих право на участие в Общем собрании акционеров;
- 5) повестку дня Общего собрания акционеров Общества;
- 6) порядок ознакомления акционеров Общества с материалами по вопросам повестки дня Общего собрания акционеров;
- 7) порядок проведения Общего собрания акционеров;
- 8) порядок проведения заочного голосования;
- 9) нормы законодательных актов Республики Казахстан, в соответствии с которыми проводится Общее собрание акционеров Общества.

При смешанном голосовании в извещении о проведении Общего собрания акционеров Общества в дополнение к вышеперечисленной информации, указывается окончательная дата предоставления бюллетеней.

Извещение о проведении Общего собрания акционеров Общества, решения которого принимаются посредством заочного голосования, должно содержать:

- 1) полное наименование и место нахождения Правления Общества;
- 2) сведения об инициаторе созыва Общего собрания акционеров Общества;
- 3) дату составления списка акционеров, имеющих право на участие в Общем собрании акционеров Общества;
- 4) даты начала и окончания предоставления бюллетеней для подсчета результатов заочного голосования;
- 5) дату подсчета результатов заочного голосования;
- 6) повестку дня Общего собрания акционеров Общества;
- 7) порядок ознакомления акционеров Общества с материалами по вопросам повестки дня Общего собрания акционеров;
- 8) порядок проведения голосования;
- 9) нормы законодательных актов Республики Казахстан, в соответствии с которыми проводится Общее собрание акционеров Общества.

Миноритарный акционер вправе обратиться к центральному депозитарию в целях объединения с другими акционерами при принятии решений по вопросам, указанным в повестке дня Общего собрания акционеров.

Порядок обращения миноритарного акционера и распространения информации центральным депозитарием другим акционерам устанавливается сводом правил центрального депозитария.»;

- 4) абзац второй пункта 21 исключить;
- 5) пункт 24 изложить в следующей редакции:

«24. В повестку дня Общего собрания акционеров, проводимого в очном порядке, могут вноситься:

- 1) дополнения, предложенные акционерами, владеющими самостоятельно или в совокупности с другими акционерами пятью и более процентами голосующих акций Общества, или Советом директоров при условии, что акционеры Общества извещены о таких дополнениях не позднее чем за 15 (пятнадцать) дней до даты проведения общего собрания;

- 2) изменения и (или) дополнения, если за их внесение проголосовало большинство акционеров (или их представителей), участвующих в Общем собрании акционеров и владеющих в совокупности не менее чем 95 (девяноста пятью) процентами голосующих акций Общества.

При принятии решения Общим собранием акционеров посредством заочного и (или) смешанного голосования повестка дня Общего собрания акционеров не может быть изменена и (или) дополнена.»;

- б) пункт 30 изложить в следующей редакции:

«30. Материалы по вопросам повестки дня Общего собрания акционеров должны быть готовы и доступны по месту нахождения Правления Общества для ознакомления акционеров не позднее, чем за 10 (десять) дней до даты

проведения собрания, а при наличии запроса акционера - направлены ему в течение 3 (трех) рабочих дней со дня получения запроса; расходы за изготовление копий документов и доставку документов несет акционер.»;

7) пункт 31 изложить в следующей редакции:

«31. Общее собрание акционеров вправе рассматривать и принимать решения по вопросам повестки дня, если на момент окончания регистрации участников собрания (на дату предоставления всех бюллетеней либо на дату окончания срока предоставления бюллетеней при проведении Общего собрания акционеров посредством заочного голосования) зарегистрированы акционеры (представители акционеров), включенные в список акционеров, имеющих право принимать участие в нем и голосовать на нем, владеющие в совокупности 50 (пятьюдесятью) и более процентами голосующих акций Общества.»;

8) пункты 36-37 изложить в следующей редакции:

«36. Порядок проведения Общего собрания акционеров в очном порядке определяется в соответствии с Законодательством, Уставом и Положением об Общем собрании акционеров Общества, утвержденным Общим собранием акционеров.

37. До открытия Общего собрания акционеров проводится регистрация всех прибывших акционеров (представителей акционеров). Представитель акционера должен предъявить доверенность, подтверждающую его полномочия на участие и голосование на Общем собрании акционеров.

При определении кворума Общего собрания акционеров, решения которого принимаются посредством смешанного голосования, учитываются бюллетени акционеров (представителей акционеров), проголосовавших заочно.

Акционер (представитель акционера), прибывший на Общее собрание акционеров, проводимое в очном порядке, обязан зарегистрироваться.

Акционер (представитель акционера), не прошедший регистрацию, не учитывается при определении кворума и не вправе принимать участие в голосовании.

На Общем собрании акционеров, проводимом в очном порядке, должны присутствовать члены Правления Общества, а также могут присутствовать члены Совета директоров Общества и приглашенные лица. Приглашенные лица вправе выступать на Общем собрании акционеров с разрешения председателя собрания.

Если акционер, ранее направивший бюллетень для голосования, прибыл для участия и голосования на Общем собрании акционеров, на котором используется смешанное голосование, его ранее направленный бюллетень не учитывается при определении кворума Общего собрания акционеров и подсчете голосов по вопросам повестки дня.»;

9) пункт 45 исключить;

10) пункт 46 изложить в следующей редакции:

«46. При заочном голосовании Общество публикует на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности, а также на интернет-ресурсе Общества бюллетень для заочного голосования на Общем собрании акционеров вместе с извещением о проведении Общего собрания акционеров.»;

11) подпункты 1) и 4) пункта 47 изложить в следующей редакции:

«1) полное наименование и место нахождения Правления Общества;»;

«4) дату закрытия Общего собрания акционеров;»;

12) пункт 48 изложить в следующей редакции:

«48. Бюллетень для заочного голосования должен быть подписан акционером - физическим лицом (представителем акционера - физического лица) с указанием сведений о документе, удостоверяющем личность данного лица.

Бюллетень для заочного голосования акционера - юридического лица должен быть подписан его руководителем (представителем акционера-юридического лица).

В случае подписания бюллетеня для заочного голосования представителем акционера к бюллетеню для заочного голосования прилагается копия доверенности или иного документа, подтверждающего полномочия представителя акционера.

Бюллетень без подписи акционера - физического лица либо руководителя акционера - юридического лица или представителя акционера-физического лица либо представителя акционера - юридического лица считается недействительным.

При подсчете голосов учитываются голоса по тем вопросам, по которым акционером (представителем акционера) соблюден порядок голосования, определенный в бюллетене, и отмечен только один из возможных вариантов голосования.»;

13) пункт 51 исключить;

14) абзац десятый пункта 52 изложить в следующей редакции:

«Итоги голосования Общего собрания акционеров или результаты заочного голосования доводятся до сведения акционеров посредством опубликования их на казахском и русском языках на интернет - ресурсе депозитария финансовой отчетности в течение 15 (пятнадцати) календарных дней после даты закрытия Общего собрания акционеров.»;

15) подпункт 1) пункта 54 изложить в следующей редакции:

«1) полное наименование и место нахождения Правления Общества;»;

16) пункт 55 изложить в следующей редакции:

«55. Протокол Общего собрания акционеров, проводимого в очном порядке, подлежит подписанию:

1) председателем (членами президиума) Общего собрания акционеров и корпоративным секретарем;

2) членами счетной комиссии.

Протокол Общего собрания акционеров, проводимого посредством заочного голосования, подлежит подписанию членами счетной комиссии.».

6. В статье 10:

1) подпункты 8), 18) и 21-2) пункта 1 изложить в следующей редакции:

«8) принятие решения об обмене размещенных акций одного вида на акции другого вида, определение условий, сроков и порядка такого обмена;»;

«18) определение формы извещения Обществом акционеров о созыве Общего собрания акционеров;»;

«21-2) принятие решения о заключении Обществом крупной сделки, в результате которой (которых) Обществом приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) имущество, стоимость которого составляет пятьдесят и более процентов от общего размера балансовой стоимости активов Общества на дату принятия решения о сделке, в результате которой (которых) приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) пятьдесят и более процентов от общего размера балансовой стоимости его активов, а также крупной сделки, в совершении которой имеется заинтересованность.

При этом, заключение сделок, в результате которых Обществом приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) имущество, стоимость которого превышает 20 000 000 000 (двадцать миллиардов) тенге, а также дополнительных соглашений к таким сделкам, предусматривающих изменение стоимости имущества, осуществляется по согласованию с АО НК «КазМунайГаз»;»;

2) абзац второй пункта 2 изложить в следующей редакции:

«Решения Общего собрания акционеров по иным вопросам принимаются простым большинством голосов от общего числа голосующих акций Общества, участвующих в голосовании, если Законом и (или) Уставом не установлено иное.»;

3) дополнить пунктом 2-1 следующего содержания:

«2-1. Крупные сделки и сделки, в совершении которых имеется заинтересованность, совершаемые Обществом с организациями, входящими в группу акционерного общества «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» (далее - Фонд), совершаются без применения особых условий, установленных Законом, в порядке определенном советом директоров Фонда.».

7. В статье 11:

1) в пункте 3:

дополнить подпунктом 18-1) следующего содержания:

«18-1) принятие решения о передаче Обществом в доверительное управление десяти и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) других юридических лиц;»;

подпункт 40) изложить в следующей редакции:

«40) иные вопросы, предусмотренные Законодательством и/или Уставом, не относящиеся к исключительной компетенции Общего собрания

акционеров Общества, а также вопросы, отнесенные к компетенции Совета директоров документами, утвержденными Общим собранием акционеров, Советом директоров Общества, Фондом или уполномоченными государственными органами.»;

2) абзац второй пункта 16 изложить в следующей редакции:

«Полномочия такого члена Совета директоров Общества прекращаются с момента получения указанного уведомления Советом директоров Общества, если в уведомлении не указана дата досрочного прекращения полномочий члена Совета директоров Общества.»;

3) абзац второй пункта 25 исключить;

4) абзац второй пункта 33 изложить в следующей редакции:

«Корпоративный секретарь по требованию члена Совета директоров обязан предоставить ему протокол заседания Совета директоров и решения, принятые путем заочного голосования, для ознакомления и (или) выдать ему выписки из протокола и решения, заверенные подписью корпоративного секретаря.».

8. Пункт 2 статьи 12 дополнить подпунктом 8-1) следующего содержания:

«8-1) принимает решение о передаче Обществом в доверительное управление до десяти процентов акций (долей участия в уставном капитале) других юридических лиц;».

9. В статье 15:

1) пункт 4 изложить в следующей редакции:

«4. Общество обязано ежегодно публиковать на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности годовую финансовую отчетность Общества, консолидированную годовую финансовую отчетность и аудиторские отчеты в сроки, установленные Законодательством.

Информация о крупной сделке и (или) сделке, в совершении которой имеется заинтересованность, раскрывается в пояснительной записке к годовой финансовой отчетности в соответствии с международными стандартами финансовой отчетности, а также доводится до сведения акционеров и инвесторов в соответствии с требованиями, установленными Законом и Законодательством о рынке ценных бумаг. Информация о сделке, в результате которой приобретает либо отчуждается имущество на сумму десять и более процентов от размера активов Общества, должна включать сведения о сторонах сделки, сроках и условиях сделки, характере и объеме долей участия вовлеченных лиц, а также иные сведения о сделке.»;

2) пункт 5 изложить в следующей редакции:

«5. Общество обязано проводить аудит годовой финансовой отчетности за исключением случаев, предусмотренных Законодательством.».

10. Статью 16 изложить в следующей редакции:

#### **«СТАТЬЯ 16. ИНФОРМАЦИЯ О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА**

1. Общество обязано осуществлять раскрытие на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности и интернет-ресурсе фондовой биржи



информации в порядке, установленном Законодательством о рынке ценных бумаг.

2. Общество также вправе публиковать информацию о своей деятельности на интернет-ресурсе Общества ([www.kaztransoil.kz](http://www.kaztransoil.kz)) и (или) в средствах массовой информации, определенных в установленном порядке. Информация о средствах массовой информации, используемых для публикации информации о деятельности Общества, размещается на интернет-ресурсе Общества в течение тридцати календарных дней с даты заключения соответствующего договора.

Годовой отчет Общества должен быть подготовлен и размещен на интернет-ресурсе Общества до проведения годового Общего собрания акционеров.

3. В целях получения копий документов (информации), предусмотренных Законом, акционер должен обратиться в Общество в письменной форме. Обращение акционера должно быть зарегистрировано в установленном порядке в журнале учета входящих документов. Общество обязано предоставить копии документов, предусмотренных Законом, (запрашиваемую информацию) не позднее десяти календарных дней со дня поступления такого требования в Общество, за исключением случая, предусмотренного пунктом 2 статьи 2 Устава, при этом допускается введение ограничений на предоставление информации, составляющей служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну.

Размер платы за предоставление копий документов устанавливается Обществом и не может превышать стоимость расходов на изготовление копий документов и оплату расходов, связанных с доставкой документов акционеру.

Документы, регламентирующие отдельные вопросы выпуска, размещения, обращения и конвертирования ценных бумаг Общества, содержащие информацию, составляющую служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну, должны быть представлены для ознакомления акционеру по его требованию.

4. Информация о деятельности Общества с пометкой «Конфиденциально», «Для служебного пользования», ставшая известной акционерам, не может быть передана письменно или в иной форме третьим лицам, за исключением государственных органов Республики Казахстан по вопросам их компетенции.

Раскрытие конфиденциальной информации акционером Общества третьим лицам возможно только по согласованию с генеральным директором (председателем Правления) Общества.

5. Общество ведет учет своих аффилированных лиц на основании сведений, предоставляемых этими лицами или центральным депозитарием (только в отношении лиц, являющихся крупными акционерами в порядке, установленном уполномоченным государственным органом).

6. Акционеры и должностные лица Общества предоставляют Обществу в течение семи дней со дня возникновения аффилированности сведения о своих аффилированных лицах.

В случае, когда лицо, указанное ранее акционером или должностным лицом Общества как аффилированное, перестает быть таковым, акционер или должностное лицо Общества уведомляют об этом Общество в течение пяти дней со дня прекращения аффилированности.

Информация об аффилированных лицах предоставляется Обществу в объеме, который позволяет Обществу выполнять соответствующие требования уполномоченного государственного органа.».

**Генеральный директор  
(председатель Правления)**



**Д. Досанов**

Тридцать первое января две тысячи девятнадцатого года, Я, Абдыкаримова Зауреш Мажкеновна, нотариус города Астана, действующая на основании государственной лицензии № 0001295 от 06 февраля 2003 года, выданной Министерством юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи Генерального директора Акционерного общества «КазТрансОйл» гр. Досанова Димаша Габитовича, которая сделана в моем присутствии. Личность представителя установлена, дееспособность его и полномочия, а также правоспособность Акционерного общества «КазТрансОйл» проверены.

Зарегистрировано в реестре за № 657

Взыскано: госпошлина+техслужги


Нотариус \_\_\_\_\_





«ҚазТрансОйл» АҚ  
Акционерлері жалпы жиналысының  
2019 жылғы 28 қаңтардағы  
шешіміне (№1/2019 хаттама) қосымша

«ҚазТрансОйл» АҚ  
Акционерлері жалпы жиналысының  
2019 жылғы 28 қаңтардағы  
шешімімен (№1/2019 хаттама) енгізілген



### **«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер және толықтырулар**

1. 3-баптың 2-тармағында:

1) 7) тармақша келесі редакцияда жазылсын:

«7) электр энергиясын беру бойынша қызметтерді көрсету;»;

2) келесі мазмұндағы 21) тармақшамен толықтырылсын:

«21) Қоғамның «Үлкен Шаған» мұнай айдау станциясының жатақханасында «Үлкен Шаған» МАС-та жұмыстарды орындайтын жұмыскерлер үшін тұрғынжай ұсыну бойынша қызметтерді көрсету.».

2. 5-бапта:

1) 1-тармақтың 4) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«4) орталық депозитарийден немесе нақтылы ұстаушыдан Қоғамның бағалы қағаздарына өзінің меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;»;

2) келесі мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының жекелеген мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақысының мөлшері туралы ақпаратты бір мезгілде мынадай жағдайлар болған кезде:

Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының осы мүшесінің өзі (өздері) не оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында Қоғам акционерлерін қасақана жаңылыстыруға әкелу фактісін сот анықтаған кезде;

егер Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Қоғамда залал туындауына алып келгені дәлелденсе, алуға құқылы.»;

3) 4-тармақтың 2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«2) орталық депозитарийге және (немесе) осы акционерге тиесілі акцияларды нақтылы ұстаушыға Қоғам акцияларын ұстаушылардың

тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он жұмыс күн ішінде хабарлауға;»;

4) 5-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«5. Акционердің осы баптың 4-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін Қоғам, орталық депозитарий және (немесе) нақтылы ұстаушы жауапты болмайды.».

3. 6-бапта:

1) 5-тармақтың екінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

«Ақшадан басқа, өзге де мүлікпен (бағалы қағаздан басқа) төлем жасау бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.»;

2) 7-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«7. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді орталық депозитарий ғана жүзеге асыра алады.».

4. 7-бапта:

1) 1-тармақтың екінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

«Төленбеген дивидендтері бар акцияларды иеліктен алу, егер Заңда және (немесе) акцияларды иеліктен алу туралы шартта өзгеше көзделмесе, акцияның жаңа иесінің оларды алу құқығымен жүзеге асырылады.»;

2) 2-тармақтың екінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

«Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге акционердің жазбаша келісімі болған кезде осындай төлем Қоғамның жарияланған акцияларымен және (немесе) ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана жол беріледі.»;

3) 6-тармақтың екінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

«Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.»;

4) 7-тармақ алып тасталсын;

5) 8-тармақ келесі мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) төлем агентінің атауы (төлем агенті болған кезде).»;

6) 9-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«9. Дивидендтерді төлеу Заңмен белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады.».

5. 9-бапта:

1) 7-тармақтың 2) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«2) Қоғаммен жасалған шартқа сәйкес орталық депозитарий;»;

2) 12-тармақтың бірінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

«12. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде орталық депозитарий жасайды. Аталған тізімді жасау күні Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек.»;

3) 14-17-тармақтар келесі редакцияда жазылсын:

«14. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн мен уақыт оған қатысу құқығы бар адамдардың неғұрлым көпшілігі жиналысқа қатыса алатындай етіп белгіленуге тиіс.

Шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналасын қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның Басқармасы орналасқан жердегі елді мекенде өткізілуге тиіс.

Қоғамның акционерлері Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының отырысына Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалған байланыс құралдарын пайдаланумен қашықтықтан қатысуға құқылы.

15. Акционерлерге алда Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабарлануға тиіс.

16. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес белгіленген қаржылық есептілік депозитарийінің (бұдан әрі – қаржылық есептілік депозитарийі) интернет-ресурсында, сондай-ақ Қоғамның интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

17. Шешімі қатысып немесе аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыруда қамтылуға тиіс:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер алғашқы жиналыс болмай қалса, өткізілуге тиісті Қоғам Акционерлерінің қайта болатын жалпы жиналысының өткізілетін күні және уақыты;
- 4) Акционерлер жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлер тізімі жасалған күн;
- 5) Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен Қоғам акционерлерін таныстыру тәртібі;
- 7) Акционерлер жалпы жиналысын өткізу тәртібі;
- 8) сырттай дауыс беру тәртібі;
- 9) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары, оларға сәйкес Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы өткізіледі.

Аралас дауыс берген жағдайда Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыруда жоғарыда айтылған ақпаратқа толықтыру ретінде бюллетеньдерді ұсынудың түпкілікті күні көрсетіледі.

Шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыруда қамтылуға тиіс:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;

3) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлер тізімі жасалған күн;

4) сырттай дауыс беру қорытындыларын санау үшін бюллетеньдерді ұсынудың бастапқы және соңғы күні;

5) сырттай дауыс беру қорытындыларын санау күні;

6) Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібі;

7) Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен Қоғам акционерлерін таныстыру тәртібі;

8) дауыс беру тәртібі;

9) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары, оларға сәйкес Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы өткізіледі.

Миноритарлық акционер Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында орталық депозитарийге жүгінуге құқылы.

Миноритарлық акционердің жүгіну және орталық депозитарийдің басқа акционерлерге ақпарат тарату тәртібі орталық депозитарий қағидаларының жинағымен белгіленеді.»;

4) 21-тармақтың екінші абзацы алып тасталсын;

5) 24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілуі мүмкін:

1) мұндай толықтырулар туралы Қоғам акционерлеріне жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) күннен кешіктірілмей хабарланған жағдайда, Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген акционерлер немесе Директорлар кеңесі ұсынған толықтырулар;

2) егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан және Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда кемінде 95 (тоқсан бес) пайызын иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді жақтап дауыс берсе, олар енгізілуі мүмкін.

Акционерлер жалпы жиналысы сырттай және (немесе) аралас дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.»;

б) 30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Акционерлер жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар акционерлердің танысуы үшін жиналыс өткізілетін күннен 10 (он) күн бұрын дайын әрі Қоғам Басқармасы орналасқан жерде қолжетімді болуға тиіс, ал акционердің сауал салуы болған кезде - сауал салу алынғаннан кейін оған 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс; құжаттар көшірмелерін жасауға және құжаттарды жеткізуге кеткен шығыстар акционерге жүктеледі.»;



7) 31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (барлық бюллетеньдерді ұсыну күніне немесе сырттай дауыс беру арқылы Акционерлер жалпы жиналысын өткізген кезде бюллетеньдерді ұсыну мерзімінің аяқталу күніне) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда 50 (елу) және одан да көп пайызын иеленген акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелсе, Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.»;

8) 36-37-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«36. Акционерлер жалпы жиналысының қатысып өткізу тәртібі Заңнамаға, Қоғамның Жарғысына және Акционерлер жалпы жиналысы бекіткен Қоғамның Акционерлер жалпы жиналысы туралы ережеге сәйкес айқындалады.

37. Акционерлер жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (акционерлер өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі Акционерлер жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуі тиіс.

Шешімі аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Акционерлер жалпы жиналысының кворумын анықтау кезінде сырттай дауыс берген акционерлердің (акционерлер өкілдерінің) бюллетеньдері ескеріледі.

Көзбе-көз тәртіпте жүргізілетін Акционерлер жалпы жиналысына келген акционер (акционер өкілі) тіркелуге міндетті.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционер өкілі) кворумды анықтаған кезде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқығы болмайды.

Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысында Қоғам Басқармасының мүшелері болуы тиіс, сонымен қатар Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері мен шақырылған адамдар қатысуы мүмкін. Шақырылған адамдар Акционерлердің жалпы жиналысында жиналыс төрағасының рұқсатымен сөз сөйлеуге құқылы.

Егер сырттай дауыс беруге арналған бюллетенді бұрын жіберген акционер акционерлердің аралас дауыс беру пайдаланылатын жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге келсе, оның бюллетені Акционерлер жалпы жиналысының кворумын анықтау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды есептеу кезінде есепке алынбайды.»;

9) 45-тармақ алып тасталсын;

10) 46-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«46. Сырттай дауыс беретін кезде Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында, сондай-ақ Қоғамның интернет-ресурсында Акционерлер жалпы жиналысының өтетіндігі туралы хабарламамен бірге Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдерді жариялайды.»;

11) 47-тармақтың 1) және 4) тармақшалары келесі редакцияда жазылсын:

«1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;»;

«4) Акционерлер жалпы жиналысының жабылу күні;»;

12) 48-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«48. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке адам - акционер (жеке адам - акционердің өкілі) осы адамның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып, қол қоюы тиіс.

Заңды тұлға - акционердің сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы (заңды тұлға – акционердің өкілі) қол қоюы тиіс.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционердің өкілі қол қойған жағдайда сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер өкілінің өкілеттігін растайтын сенімхат немесе өзге құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Жеке адам - акционердің не заңды тұлға - акционер басшының немесе жеке адам - акционердің өкілі немесе заңды тұлға – акционердің өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп саналады.

Дауыстарды есептеу кезінде акционер (акционер өкілінің) бюллетеньде айқындалған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің мүмкін нұсқаларының ішінен тек біреуін ғана белгілеген мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.»;

13) 51-тармақ алып тасталсын;

14) 52-тармақтың оныншы абзацы келесі редакцияда жазылсын:

«Акционерлер жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлерге Акционерлер жалпы жиналысы жабылған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде оларды қазақ және орыс тілдерінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жариялау арқылы хабарланады.»;

15) 54-тармақтың 1) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;»;

16) 55-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«55. Қатысу тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасына қол қоюға тиіс:

1) Акционерлер жалпы жиналысының төрағасы (төралқа мүшелері) және корпоративтік хатшы;

2) есеп комиссиясының мүшелері.

Сырттай дауыс беру арқылы өткізілген Акционерлер жалпы жиналысының хаттамасына есеп комиссиясының мүшелері қол қоюлары тиіс.».

**6. 10-бапта:**

1) 1-тармақтың 8), 18) және 21-2) тармақшалары келесі редакцияда жазылсын:

«8) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;»;

«18) Акционерлер жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын айқындау;»;

«21-2) нәтижесінде Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынған немесе иеліктен шығарылған (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдаған күндегі жағдай бойынша Қоғам нәтижесінде құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алған немесе иеліктен шығарған (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені, сондай-ақ мүдделілік болуына орай жасалатын ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешімді қабылдау.

Бұл ретте, нәтижесінде Қоғам құны 20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңгеден асатын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілелерді, сондай-ақ осындай мәмілелерге мүлік құнын өзгертуді көздейтін қосымша келісімдерді жасасу «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-пен келісім бойынша жүзеге асырылады;»;

2) 2-тармақтың екінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

«Егер Заңмен және (немесе) Жарғымен өзгеше белгіленбесе, Акционерлер жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акциялары жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.»;

3) келесі мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Қоғам «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» (бұдан әрі - Қор) акционерлік қоғамының тобына кіретін ұйымдармен жасайтын ірі мәмілелер және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер Заңмен белгіленген айрықша шарттарды қолданбай, Қордың директорлар кеңесі белгіленген тәртіппен жасалады.».

7. 11-бапта:

1) 3-тармақта:

келесі мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:

«18-1) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан көп пайызын сенімгерлік басқаруға беруі туралы шешімді қабылдау;»;

40) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«40) Заңнамамен және/немесе Жарғымен көзделген, Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер, сондай-ақ Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі, Қор немесе уәкілетті мемлекеттік органдар бекіткен құжаттармен Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер.»;

2) 16-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер хабарламада Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.»;

3) 25-тармақтың екінші абзацы алып тасталсын;

4) 33-тармақтың екінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

«Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнен үзіндінің корпоративтік хатшының қолтаңбасымен куәландырылған көшірмесін беруге міндетті.»

8. 12-баптың 2-тармағы келесі мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он пайызына дейін сенімгерлік басқаруға беруі туралы шешімді қабылдайды;».

9. 15-бапта:

1) 4-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«4. Қоғам Заңнамамен белгіленген мерзімдерде Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін, шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерін қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жыл сайын жариялауға міндетті.

Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәміле туралы ақпарат халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада жария етіледі, сондай-ақ Заңда және Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес акционерлердің және инвесторлардың назарына жеткізіледі. Нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің мерзімдері мен шарттары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.»;

2) 5-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«5. Қоғам Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізуге міндетті.».

10. 16-бап келесі редакцияда жазылсын:

### **«16-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ**

1. Қоғам ақпаратты Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамада белгіленген тәртіпте қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында жариялауға міндетті.

2. Сондай-ақ Қоғам өз қызметі туралы ақпаратты Қоғамның интернет-ресурсында ([www.kaztransoil.kz](http://www.kaztransoil.kz)) және (немесе) белгіленген тәртіпте айқындалған бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы. Қоғам қызметі туралы ақпаратты жариялауға пайдаланатын бұқаралық ақпарат құралдары туралы ақпарат тиісті шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қоғамның интернет-ресурсында орналастырылады.

Қоғамның жылдық есебі Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілгенге дейін дайындалуы және Қоғамның интернет-ресурсында орналастырылуы тиіс.

3. Заңмен көзделген құжаттар көшірмелерін (ақпаратты) алу мақсатында акционер жазбаша нысанда Қоғамға өтініш айтуы тиіс. Акционердің өтініші кіріс құжаттар есебін жүргізу журналына белгіленген тәртіпте тіркелуі тиіс. Қоғам Заңмен көзделген құжаттар көшірмесін (сұралып отырған ақпаратты) Жарғының 2-бабының 2-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, Қоғамға осындай талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей беруге міндетті, бұл орайда қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі.

Құжаттар көшірмелерін беру үшін төленетін ақы мөлшерін Қоғам белгілейді және ол құжаттар көшірмелерін дайындауға жұмсалған шығыстар құнынан және құжаттарды акционерге жеткізіп беруге байланысты шығыстарды төлеу ақысынан аспауы керек.

Қоғамның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат қамтылған бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа шығару және айырбасталуы жекелеген мәселелерін регламенттейтін құжаттар акционердің талабы бойынша оған танысу үшін берілуі тиіс.

4. Олардың құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын қоспағанда, акционерлерге мәлім болған Қоғамның қызметі туралы «Құпия», «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар ақпарат үшінші тұлғаларға жазбаша немесе өзге нысанда беріле алмайды.

Қоғам акционері құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға Қоғам бас директорымен (Басқарма төрағасымен) келісім бойынша ғана жариялай алады.

5. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе орталық депозитарий беретін мәліметтер негізінде жүргізеді (уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіпте ірі акционерлер болып табылатын тұлғаларға ғана қатысты).

6. Акционерлер және Қоғамның лауазымды адамдары өздерінің үлестес тұлғалары туралы мәліметті үлестестік пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде Қоғамға ұсынады.

Акционер немесе Қоғамның лауазымды адамы бұрын үлестес деп көрсеткен тұлғасы ондай болуын тоқтатқан жағдайда, акционер немесе Қоғамның лауазымды адамы үлестестік доғарылған күннен бастап бес күн ішінде Қоғамды бұл туралы хабардар етеді.

Үлестес тұлғалар туралы ақпарат Қоғамға уәкілетті мемлекеттік органның тиісті талаптарын Қоғамның орындауына мүмкіндік беретіндей көлемде ұсынылады.».

**Бас директор  
(Басқарма төрағасы)**



**Д. Досанов**

Екі мың он тоғызыншы жылғы отыз бірінші қаңтар, Мен, Абдыкаримова Зауреш Мажкеновна Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен 2003 жылғы 06 ақпанда берілген №0001295 мемлекеттік лицензия негізінде әрекет етуші Астана қаласының нотариусы, «ҚазТрансойл» Акционерлік қоғамының Бас директоры азамат Досанов Димаш Габитовичтің менің қатысуымен қойған қолының растығын куәландырамын. Тұлғаның жеке басы анықталды, әрекетке қабілеттігі және өкілеттілігі, сондай-ақ «ҚазТрансойл» Акционерлік қоғамының құқыққа ие болушылығы тексерілді.

Тізілімде № 660 тіркелді

Өндіріп алынды: мемлекеттік баж + тех. қызмет

Нотариус \_\_\_\_\_



Прошнуровано, пронумеровано  
10 / от *Б. Г. Г. Г.* С. Г. Г. Г.  
НОТАРИУС

